

## КҮЛӘШПЕН ҚОШТАСУ

Өткен жексенбіде Қазақстан астанасы сан миллион совет халқының аса аяулы қыздарының бірі, қазақ сахнасының ұлы шебері Байсейітова Күләшті қайтпас сапарға шығарып салды.

Саналы өмірі мен келісті мәдениеті кешендеу дамыған қазақ халқы көркемөнер дүниесіне көптеген дарынды перзентін берді. Құрманғазы мен Біржан, Ақан мен Дәулеткерей, Тәттімбет пен Әміре – бұлардың бәрі қазақ көркемөнерінің жарық жұлдыздары болатын. Олардың мәдени мұраларын разы халқы кір шалдырмай ардақтап, заманнан-заманға, ұрпақтан-ұрпаққа алып келді, алуан ұлт, сан елдің игілігіне айналдырды. Марқұм Күләштің де ел қадіріне бөленген есімі даңқ көгіне қарыштап шығып, енді, міне, ажал деген мейірімсіз түнектен жұлдыз боп қана көзге түседі. Ол енді арамызда жоқ, мәңгі жоқ.

...Таңертең сағат 10. Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театрының маңы халыққа лық толы. Сүйікті әншісіне, қазақ жерінің әншісіне «қош!» деген соңғы сөзін айтуға келген жұрт тізбегі көшеден-көшеге ұласып, жым-жырт тұр. Тұнған қайғы, үнсіз өксік...

Сағат тілі он жарымда. Марқұммен қоштасар кез басталды. Театр үйінің екінші қабатындағы кең вестибюльде гүл шоқтарына бөлінген Күләштің табыты тұр. Алматы еңбекшілерінің, қаладағы қоғамдық ұйымдар мен коллективтер өкілдерінің ұзыннан-ұзақ тізбегі ардақты адамның мәңгі ұйқысын бұзбайын дегендей аяқтарын жай басып, табыт тұсынан өтіп жатыр, өтіп жатыр. Тоқтау да жоқ, шек те жоқ.

Коммунистік партия мен Совет үкіметінің қазақ халқына жасаған баға жетпес көп жақсылығының тірі бейнесі марқұм Күләш еді. Елеусіз еді бір кезде, есімі бүкіл елге тарады. Мінекей, оның табыты тұсынан қазақ ғалымдарының бір тобы өтіп барады. Мүмкін бұлардың да ең тәтті балалық шағы ескі ауылдың көңілсіз көлеңкесінде өткен болар... Оларға іле-шала Қазақтың Құрманғазы атындағы консерваториясының бүлдіршіндей бір бөлек студент қыздары келеді. Бұлардың тағдыры бір басқа. Өмірдің татымсыз талқысын бастан кешірмеген, мұңсыз ұрпақ. Бар тілегі алдында, аңсағаны жақын жастар. Кім білсін, кейде оңаша бейуақта олар да Күләш тәрізді дүние жүзі сахналарын аралауды құпия арман еткен болар. Бірақ бүгін олардың жүздерінде қасірет ізі бар. Ұлы ұстазын қимайды, жас жандары қиналып келеді.



*Күләш Байсейітованың қабірінің басына мәрмәрдан орнатылған құлпытас (Жетісу, Алматы)*

Табыт басындағы құрметті қарауыл үздіксіз алмасып жатыр. Сүйікті досына, қадірмен жолдасына ақырғы борышын өтеп, қарауылда қазақ сахнасының қарт гвардиясы тұр: Қуанышбаев Қалыбек, Жандарбеков Құрманбек, Омарова Жамал, Қожамқұлов Серке, Шара, Өмірзақов Елубай, Күләштің жар жолдасы, жан серігі Байсейітов Қанабек... Жазушылар мен композиторлар, партия, совет қызметкерлері мен музыканттар бірінің орнына бірі келіп, марқұмның қасында үнсіз тұр.

Ел азасына ортақтасып, опера театрының симфониялық оркестрінен Бетховен мен Чайковскийдің, Шопен мен Листтің қаралы марштары күңіренеді. Музыка үні қайғылы-ақ, аңырайды да «ah» ұрып күрсінеді, егіледі де «uh» деп сергиді. Марштар сазына кенет қазақтың «Елім-айының» зарлы толқыны араласып, залдағы ауыр аза бар салмағы, бар зілімен еңсені езіп, от жалын боп қайта атылады. Оған ілесе «Қыз Жібектің» соңғы актісіндегі «Дүние-айы» кетті егіліп.

Халық болса өтіп жатыр, өтіп жатыр... Күләш марқұм өзінің Алатау арқасындай алып талантын бір ғана қазақ халқы емес, Отанымызды мекендеген барша халықтардың игілігіне арнаған еді. Міне, табыт тұсынан үш бірдей қарт орыс өтіп барады. Күләшке туған қызындай емірене қарайды, қарайды да жылайды. Олардың соңында бір топ қазақ жігіттерімен аралас, орыс келіншегі келеді. Қолына көтерген баласы ұйықтап барады. Кім білсін, ана құшағындағы нәрестенің алдынан Күләш даңқындай жарқын даңқ тосып тұрған болар.

Залға бауырымыз қырғыз халқының искусство шеберлері кірді. Күләшпен достығы жарасып, ұзақ жыл үлкен даңққа еншілес болған қырғыз бұлбұлы Киізбаева Сайра екі елдің дәстүрі бойынша, табыт басына дауыс айта келіп, қырғыз халқының атынан гүл шоғын қойды. Туысқан ұйғыр халқының «қош!» деген ақырғы сөзін ұйғыр искусствосының өкілдері жеткізді.

Залдан өтіп жатқан ел нөпірі таусылар емес... Түс ауып, сағат 4-ке таяп қалды. Күләшпен қоштасудың ақырғы минуттары. Табыт басында Қазақстанның Үкімет пен партия басшылары, марқұмның жақын-жекжаттары мен туған-туысқандары ғана қалды. Олар Күләштің сүйегін сыртқа шығарып, масаты кілем жабылған машинаға қойды. Азалы шеру зиратқа бет алды.

Ашық машинадағы табыт басында Совет Армиясының жауынгерлері құрметті қарауылда тұр. Қыбыр етпей, көк қаруды қымтай ұстайды. Машина соңында көше керней ағылған мұңды халық. Ел шеруі ілгері басқан сайын көлденең көшелерден лек-лек жұрт ілесе берді. Бас киімдерін алып жай ілбиді. Еңсені езген ауыр қазаның салмағынан қара жер қайысқандай. Оркестр азалы күй тартқанда жан тебіренер қайғылы үн «uh» – деп тағы да бір күрсініп, арман шығарғандай.

Шеру алдында искусство шеберлері мен жас ұландар көтеріп келе жатқан қызыл мақпал жастықшалардағы ордендер мен медальдар күннің шуағымен жарқырай түседі. Әнші Күләштің, мемлекет қайраткері Күләштің ғажап өнерін жоғары бағалап, халқымыз тартқан қымбатты сыйлар бұл.

Венок дегеннен көз тұнады. Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы, астананың

көптеген ұйым, мекемелері, жоғары оқу орындары, мектептері, марқұмның достары, туған-туысқандары, жан қосағы Байсейітов Қанабектен қойылған венוקтар. Осы бір қызыл-жасылды көп венок аяулы Күләштің ақырғы жолына жайылған гүл кілеміндей.

...Қабір басындағы қаралы митингіні қалалық совет аткомының председателі Әділев Ахмет ашты.

Қазақ ССР мәдениет министрі Қанапин Әмір сөз сөйлеп, Байсейітова Күләштің жемісті өмірін, дарынды өнерін, өнегелі еңбегін баян қылды.

Қадірлі құрбысы, өнерлес досы туралы Киізбаева Сайраның тебірене сөйлеген сөзін жиналғандар ет жүрегі елжіреп, егіле тыңдады.

– Қош, бауырым, қош, бұлбұлым, Күләнтайым! – деп көз жасына булығып, мінбеден түскен Сайраны Күләштің жеткіншек сіңділері қаумалай сүйемелдеп барады.

Жоқ, Күләш дүние салғанмен, оның өр өнері, асқақ әні өлген жоқ. Көк өрімдей қаулап өскен жас жеткіншектер «Гәккуді» заманнан-заманға шырқай бермек.

– Домбырамыздың бір шегі үзілді. Сондықтан да қайғылымыз, азалымыз, – деді Қазақ ССР халық әртісі Айманов Шәкен. – Күләштің орны көпке дейін толмайды. Ол бізге әнімен ғана емес, сол әнге, көркемөнерге шын берілген абзал, ыстық жанымен қымбат еді.

Митингіде Қазақ ССР халық әртісі Жандарбеков Құрманбек, қалалық партия комитетінің секретары Доспанова Хиуаз, ақын Тәжібаев Әбділдә, Қазақ ССР халық әртісі Валентина Брюсовна Харламова сөз сөйледі.

Оркестр СССР Одағының Мемлекеттік гимнін ойнады. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, мемлекет қайраткері, СССР халық әртісі Байсейітова Күләшке әскери құрмет белгісі ретінде әуеге үш дүркін оқ атылды.

Күләшті қою жөніндегі Үкімет комиссиясының мүшелері, марқұмның туған-туысқандары табытты қабірге қарай алып жүрді. Мәңгі қоштасар алдындағы соңғы минуттар...

Оркестр Күләштің сүйікті «Гәккуін» күйзеле тартып тұр. Сай сүйегі сырқырамаған, жан жүйесі босамаған жан қалмады.

Өксіп жылағандар, көз жасын үнсіз сығып тұрғандар, аяулы Күләшті қатыгез қара жерге қимай тұрған қалың топ... Мейірімсіз ажал халқымыздың теңдесі жоқ бұлбұлын арамыздан ерте алып кетті. Жас еді, жалын еді, ерте өшті, бейуақта сөнді.

Қош, Күләш! Топырағың торқа болсын!